1.3. Қоғамның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қаласы, Жетысу ауданы, Гоголя, 111 А

1.4. Қоғам шектеусіз мерзімге құрылған.

2-тарау. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қорларды тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2.2. Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қорларды тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады.

2.3. Қоғам өзінің акционерлерінен оқшауланған мүлікке ие және олардың міндеттеріне жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттеріне өздеріне тиесілі мүлік шегінде жауап береді.

2.4. Қоғам Акционері оның міндеттеріне жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен қаралған жағдайлардан өзге, Қоғам қызметімен байланысты шығын тәуекелдерін оларға тиесілі акциялар шегінде көтереді.

2.5. Қоғам заңды тұлға мәртебесін оның Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген мерзімінен бастап иеленеді. Қоғамның өзінің атауымен мөрі, дербес балансы, банктерде ағымдық және басқа шоттары бар. Қоғамның үлгілері тиісті тәртіппен тіркелген тауарлық белгісі (тауарлық маркасы) және белгілемесі болады.

2.6. Қоғамның қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен реттеледі.

2.7. Қоғам акциялары акционерлер арасында және тұлғаларға рдың шектелмеген ортасында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөлінеді.

2.8. Қоғам акционерлерінің саны шектеусіз.

2.9. Қоғам Қоғам акционерлерімен Қоғам акцияларының сатылуына кедергі болмауы тиіс. Қоғам Қоғам акцияларын сатуға ниетті тұлғаға, өздерімен сатып алу немесе үшінші тұлғаға ұсынылған бағадан артық көлемде сату туралы ұсыныс жасауға құқылы. Сатып алу туралы ұсыныс, егер акцияларды үшінші тұлғалармен сатып алған жағдайда, акциялар саны, бағасы және сатып алушылардың деректемелері туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

2.10. Қоғам өзінің атынан кез келген мәмілелерді сатып алуға, мүліктік және жеке мүліктік құқықтарды сатып алуға, міндеттемелерді жүктеуге, сот және төрелік сот алдында талапкер және жауапкер болуға құқылы.

2.11. Қоғам өзінің қызметтері мақсатында өзінің мүліктерін иеленеді, қолданады және ол бойынша билік жүргізеді. Қоғам өзінің оқшауланған мүлігіне, дербес балансына ие болады және толық дербестілік, өзін-өзі қаржыландыру және өзін-өзі өтеу қиғадатында әрекет етеді.

2.12. Қоғам сыртқы экономикалық қызметтерді дербес жүзеге асыруға, оның қызметі үшін қажетті экспортты және импортты мәмілелерді жасауға құқылы.

2.13. Қоғам өзінің филиалдары мен өкілдіктерін, шаруашылық серіктестіктерін және шаруашылық еншілес серіктестіктерін Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде заңнамаға сәйкес құруға құқылы.

3-тарау. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ МАҚСАТТАРЫ

3.1 Қоғам қызметінің мақсаты өзінің жарғылық қызметтерін жүзеге асыру арқылы кірістер алу болып табылады. Аталмыш мақсатқа жету үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) инвестициялық, маркетингтік қызметтер, менеджмент, факторинг, франчайзинг;
- 2) шаруашылық субъект активтерін басқару;
- 3) коммерциялық негізде іскерлік кездесулерді, симпозиумдарды, келіссөздерді және бизнес-турларын ұйымдастыру және өткізу;
- 4) делдалдық қызметтер, заңды және жеке тұлғаларға ақылы қызмет көрсету, соның ішінде кеңес беру, ақпараттық, тұрмыстық, көліктік қызметтер, туризмді ұйымдастыру және басқа да сервистік қызметтер;
- 5) ғылыми-техникалық, экономикалық және бағдарламалық қамтамасыз ету өнімдерін әзірлеу және сату;

6) Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде кез келген мүлік түрлерін сатып алу және иелігінен айыру, құрылысшы немесе жалдаушылар құқығымен жер учаскілерін алу, сонымен қатар құрылыстарды немесе бөлек бөлмелерді салу, жалдау;

7) шикізаттық, ауыл шаруашылық, өнеркәсіптік тауарларды және жартылай фабрикаттарды, машиналарды және жабдықтарды, азық-түлік өнімдерін және құрылыс материалдарын, басқа тауарларды сату, сауда-саттық саласындағы көтерме, бөлшектік сауданы қоса алғанда, делдалдық қызметтер;

8) тамақ өнімдерін өндіру, сатып алу, сақтау, өңдеу және сату;

9) пайдалы кенбайлық орындарын барлау және қазу;

10) мұнай өндіру;

11) мұнайөнімдерін сату;

12) ағаш, пило материалдарды, сонымен қатар олардың жасалған бұйымдарды өндіру, дайындау және сату;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызметтер;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге кәсіпкерлік қызметтер.

3.2 Барлық қызмет түрлері қолданыстағы заңнама шегінде жүзеге асырылады және тиісті органдардан қандай да бір лицензиялар, рұқсаттар және сертификаттар алу талап етілсе, қызмет түрлері осы құжаттарды алғаннан кейін орындалады.

4-тарау. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

4.1 Қоғамның Жарғылық капиталы құрылтайшылармен акцияларды олардың номиналды құны бойынша төлеу және инвесторларға акцияларды Заң талаптарымен бекітілген бағамен сату арқылы құрылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен белгіленеді.

4.2 Қоғамның жарғылық капиталының көлемін көбейту Қоғамның жарияланған акцияларын орнықтыру арқылы жүзеге асырылады.

4.3 Орнықтырылатын акциялардың төлеміне ақшалар, мүліктік құқықтар (соның ішінде санаттылық меншік объектісінің құқықтары) және өзге мүлік енгізіле алады.

4.4 Ақшадан, мүліктен басқа, төлемді өзге түрде жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушымен анықталатын баға бойынша жүзеге асырылады.

4.5 Қоғамның орнықтырылған акцияларының төлеміне мүлікті пайдалану құқығы енгізілетін болса, мұндай құқықты бағалау осы мүлікті қоғаммен пайдалану мерзімінде пайдалану төлемінің өлшеміне сүйеніп жүргізіледі. Аталмыш мерзім аяқталғанға дейін мұндай мүлікті акционерлердің жалпы жиналысының келісімінсіз тартып алуға тыйым салынады.

5-тарау. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

5.1 Қоғам жәй акциялар шығаруға құқылы.

5.2 Қоғам Акциялары құжатсыз түрде шығарылады.

5.3 Акция бөлінбейді. Егер акция бірнеше тұлғалардың меншігіне тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер болып табылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды бірдей қолданады.

5.4 Бір түрдегі акция әрбір акционерге осы акция түрінің басқа иелерімен бірге бірдей құқық береді.

5.5 Қоғам акциялардан басқа, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

5.6 Жәй акция Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берілетін барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау, Қоғамда таза кіріс болған жағдайда дивиденд алу құқығымен қатысу, сонымен қатар Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіппен таратылған жағдайда оның мүлігінің бөлігін алу құқығын береді.

5.7 Қоғам Акционері құқылы:

5.7.1 Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

5.7.2 дивидендтер алуға;

5.7.3 Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Жалпы жиналыспен немесе Қоғам Жарғысымен белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржы есебімен танысуға;

5.7.4 Бағалы қағаздарға деген меншік құқығын растайтын үзінді жазбаны тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан алуға;

5.7.5 Акционерлердің Жалпы жиналысына Қоғамның директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

5.7.6 Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сотта даулауға;

5.7.7 Қоғамның қызметі туралы жазбаша сұрауға және сұрау Қоғамға келіп түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;

5.7.8 Қоғам тараған жағдайда мүлкінің бір бөлігін алуға;

5.7.9 заңнамамен белгіленген тәртіпте Қоғамның акцияларын немесе акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

5.7.10 Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және өзге заңнама актілерімен қаралған басқа да құқықтар.

5.8 Сонымен қатар Ірі Акционер құқылы:

5.8.1 Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар Кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда шақыру туралы шағыммен сотқа баруға;

5.8.2 Директорлар Кеңесіне қолданыстағы заңнамаға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу туралы ұсыныс жасауға;

5.8.3 Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

5.8.4 өз есебінен Қоғам аудитін аудиторлық ұйымның өткізуін талап етуге.

5.9 Осы Жарғының 5.6 және 5.7 тармақтарымен бекітілген Акционерлердің құқықтарын шектеуге болмайды.

5.10 Қоғам Акционері міндетті:

5.10.1 акцияларды төлеуге;

5.10.2 он күннің ішінде Қоғам акцияларын ұстаушылар реестріне енгізілу үшін қажетті мәліметтердің өзіне тиесілі акцияларға қатысты өзгергендігі туралы тіркеушіге және номиналды ұстаушыға ақпарат беруге;

5.10.3 Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпия ақпаратты таратпауға;

5.10.4 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның аффиналданған тұлғалары, сонымен қатар тоқсан сайын аффиналданған тұлғалар құрамының өзгерістері туралы ақпаратты ұсынуға;

5.10.5 Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

5.11 Қоғам және тіркеуші осы Жарғының 5.9.2 тармақшасында бекітілген талаптардың акционермен орындалмауы үшін жауап бермейді.

5.12 Қоғам өзінің акцияларын жарияланған акциялар көлемі шегінде бір немесе бірнеше орнықтыру арқылы олардың шығарылымын мемлекеттік тіркеген соң орнықтыруға құқылы.

Қоғам акцияларын орнықтыру туралы шешім оның жарияланған акцияларының көлемінде Қоғамның директорлар кеңесімен қабылданады.

Акцияларды орнықтыру ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында жүргізілетін жазылу немесе аукцион, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сату арқылы жүзеге асырылады.

5.13 Қоғаммен жазылу арқылы орнықтырылатын акциялар акцияларды сатып алушы барлық тұлғалар үшін бірыңғай орнықтыру бағасы бойынша сатылады.

5.14 Қоғам акцияларын ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында аукцион арқылы орнықтыру барысында акцияларды орнықтыру туралы шешімді қабылдаған Қоғам органымен осы орнықтыру үшін белгіленген акцияларды орнықтыру бағасы ең төменгі сату (аукцион) бағасы болып табылады.

5.15 Қоғамның директорлар кеңесімен орнықтырылатын акциялардың көлемін өзгерту және (немесе) орнықтыру бағалары туралы шешім қабылданған жағдайда, осы орнықтыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген және акцияларды акционерлермен артықшылық сатып алу құқығын анықтайтын ережелерді ескеріп жүргізіледі.

5.16 Қоғам акцияларын ұстаушылар реестрінің жүйесін енгізу, сонымен қатар уәкілетті органға ол бойынша ақпарат ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен белгіленеді.

5.17 Акциялар толық төленгенге дейін Қоғам осы акцияны сатып алушы иесін Қоғам акцияларын ұстаушы реестрінің жүйесіне енгізу туралы бұйырк беруге құқысыз (номиналды ұстаушыны есепке алу жүйесі).

5.18 Қоғам уәкілетті органға Қоғамның жарияланған акцияларын толық орнықтырғанға дейін әрбір алты ай (есептік жарты жылдық аяқталған соң бір ай ішінде) қорытындысы бойынша өзінің акцияларын орнықтыру қорытындылары туралы есепті ұсынуға міндетті.

5.19 Қоғам акциялары бойынша дивидендтер дивидендтер төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының көпшілігімен қабылданған жағдайда ақшалай немесе бағалы қағаздармен төленеді.

5.20 Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге, мұндай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен жүзеге асырылса немесе акционердің келісімімен олардың облигацияларымен шығарылған болса ғана жол беріледі.

5.21 Дивиденд алуға құқылы акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу мерзімінде құрастырылуы тиіс.

5.22 Дивидендтерді төлеу кезектілігі акциялар шығарылымының проспектісімен анықталады.

5.23 Акциялар бойынша дивидендтер есептік қаржы жылы бойынша, сонымен қатар есептік тоқсан нәтижелері бойынша төленеді. Қоғамның жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім жылдық акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданады. Токсан немесе жарты жыл қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу Қоғамның директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

5.24 Қоғамның жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарымен жариялануы тиіс.

5.25 Қоғаммен орнықтырылмаған немесе Қоғамның өзімен шығарылмаған акциялар бойынша, сонымен қатар сотпен немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен оны тарату туралы шешім қабылданса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

5.26 Қоғамның жәй акциялары бойынша дивидендтер есептелмейді:

5.26.1 меншік капиталының теріс көлемінде немесе Қоғамның меншік капиталының көлемі оның акциялары бойынша дивидендтер төлеген жағдайда теріс болса;

5.26.2 егер қоғам төлеуге қабілетсіз болса немесе Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңына сәйкес төлей алмаса немесе Қоғамда аталмыш белгілер оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу барысында анықталса.

5.27 Осы жарғының 5.22 тармағында көрсетілген Қоғам органдары Қоғамның жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы. Ол үшін оны бұқаралық ақпарат құралдарында шешім қабылдаған күннен бастап он күннен кешіктірмей хабарлау керек.

5.28 Акционер ала алмаған дивидендтердің төленуін Қоғам қарыздарының пайда болу мерзіміне қатыссыз талап етуге құқылы. Егер акционерлерге дивидендтер төлеу үшін бекітілген мерзімінде дивидендтер төленбесе, акционерге дивидендтің негізгі сомасы және ақша міндеттемелерін немесе оның тиісті бөлігін орындау күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен қайта қаржыландыру бойынша ресми ставкасына сүйеніп есептелетін өсімақы төленеді.

5.29 Қоғамның бастамасы немесе акционердің талабы бойынша Қоғамның орнықтырылған акцияларын сатып алу заңға сәйкес жүзеге асырылады.

5.30 Акционер Қоғам акцияларын кепілге салуға құқылы. Акционер, егер өзгесі кепіл шартымен қарастырылмаса, оларға кепілге берілген акциялар бойынша дивидендтер алу және оған дауыс беру құқығына ие болады. Қоғам оларға орнықтырылған бағалы қағаздарды кепілге алуға құқылы, егер:

5.30.1 кепілге берілетін бағалы қағаздар төленген болса;

5.30.2 Қоғамға кепілге берілетін және Қоғамның кепіліндегі акциялардың жалпы саны, Қоғаммен сатып алынған акциялардан басқа, Қоғамның орнықтырылған акцияларының жиырма бес пайызын құраса;

5.30.3 кепілге салу туралы шарт директорлар кеңесімен мақұлданса.

5.31 Егер өзгесі кепілге салу шартымен қарастырылмаса, Қоғаммен орнықтырылған және оның кепіліндегі акциялар бойынша дауыс беру құқығы акционерге тиесілі болып табылады. Қоғам оның кепіліндегі өзінің акцияларымен дауыс бере алмайды.

5.32 Қоғамның бағалы қағаздар кепілін тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздары туралы заңнамасына сәйкес анықталады.

6-тарау. ҚОҒАМНЫҢ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҚОРЛАРЫ

6.1 Қоғамда Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген көлемде және мерзімде резервтік капитал құрылуы мүмкін.

6.2 Қоғаммен өзінің қызметтерін жүзеге асыру үшін басқа да қорлар құрылуы мүмкін. Олардың құрылуы, құрылу көздері және тәртіптері Директорлар кеңесімен анықталады.

7-тарау. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

7.1 Қоғам органдары:

7.1.1 Қоғамның жоғарғы органы – акционерлердің жалпы жиналысы;

7.1.2 басқару органы – Директорлар кеңесі;

7.1.3 атқарушы орган - Президент.

7.2 Директорлар кеңесінің шешімі бойынша бақылау органы – ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

7.3 Директорлар кеңесінің шешімі бойынша қоғамның басқа органдары да құрылуы мүмкін.

8-тарау. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

8.1 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы жылдық және кезексіз болып бөлінеді.

8.2 Жылдық акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржы есептемесі бекітіледі, Қоғамның өткен жылғы таза кірістерін бөлу тәртібі және Қоғамның жәй акцияларына есептелген дивиденд мөлшері анықталады. Осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдайды және талқылайды.

8.3 Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер кіреді:

8.3.1 Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе жаңа редакцияда бекіту;

8.3.2 корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

8.3.3 Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

8.3.4 Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту немесе Қоғамның жарияланған акцияларының түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;

8.3.5 Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау, сондай-ақ директорлар Кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен талаптарын анықтау;

8.3.6 Қоғам аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;

8.3.7 Жылдық қаржы есебін бекіту;

8.3.8 Есеп қаржы жылы ішіндегі Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, Қоғамның бір акциясына есептегендегі жыл қорытындысы бойынша дивидендтер мөлшерін бекіту;

8.3.9 Осы Жарғының 5.25 тармағымен қарастырылған жағдайлар басталғанда Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

8.3.10 Сомасы Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес жән одан да көп пайызын құрайтын активтерінің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

8.3.11 Акционерлерге олардың Жалпы жиналысы туралы Қоғамның хабарлау нысанын анықтау, осындай ақпаратты басылымда беру туралы шешім қабылдау;

8.3.12 Қоғам акцияларды сатып алған жағдайда заңға сәйкес акциялардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;

8.3.14 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

8.3.15 Акционерлерге олардың Жалпы жиналысы туралы Қоғамның хабарлау нысанын анықтау, осындай ақпаратты басылымда беру туралы шешім қабылдау;

8.3.16 Заңмен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

8.4 Осы жарғының 8.3.1-8.3.4 тармақтарында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімі дауыс беруге қатысатын Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының мамандандырылған көпшілігімен қабылданады.

8.5 Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарымен қабылданған кез келген шешімдерден бас тартуға құқылы.

8.6 Жылдық акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесімен шақыртылады.

8.7 Кезексіз акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің бастамасы немесе ірі акционердің талабы бойынша шақыртылады.

8.8 Акционерлердің жалпы жиналысының дайындығы және өткізу жүзеге асырылады:

8.8.1 Президентпен;

8.8.2 Қоғам тіркеушісімен онымен жасалған шарт негізінде;

8.8.3 директорлар кеңесімен;

8.8.4 қоғамның тарату комиссиясымен.

8.9 Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру ерекшеліктері Заңмен белгіленеді.

8.10 Акционерлердің жалпы жиналысында қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлердің тізімі Қоғам тіркеушісімен Қоғам акцияларын ұстаушылар реестрінің жүйесі негізінде құрылады. Аталмыш тізімді құрастыру мерзімі акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданаған мерзімнен бұрын белгілене алмайды.

8.11 Егер тізім құрастырылған соң акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы акционерлердің тізіміне тікелген тұлға оған тиесілі қоғам акцияларын өткізсе, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге өтеді. Осыған орай акция меншігіне құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

8.12 Акционерлерге өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысы туралы хабарлама отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей, ал сырттай және аралас дауыс беруде – жалпы жиналысты өткізгенге дейін қырық күнтізбелік күннен кешіктірілмей берілуі тиіс.

8.13 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында және акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы жариялануы тиіс.

8.14 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қамтуы тиіс:

8.14.1 Қоғам Президентінің толық атауы және орналасқан жері;

8.14.2 жиналысты шақыртушы бастамашы туралы мәліметтер;

8.14.3 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу мерзімі, уақыты және орны, жиналыс қатысушыларын тіркеу уақыты, сонымен қатар, бірінші жиналыс өткізілмесе, қайта өткізілетін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының мерзімі және уақыты;

8.14.4 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін құрастыру;

8.14.5 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;

8.14.6 Қоғам акционерлерінің Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелермен танысу тәртібі.

8.15 Қайта өткізілетін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу бірінші Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу мерзімінен соң келесі күні белгіленуі.

8.16 Қайта өткізілетін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысының орнында өткізілуі тиіс.

8.17 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесімен құрастырылады және талқыланатын нақты мәселелердің біткен тізімін қамтуы тиіс. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционермен немесе директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін. Ол үшін Қоғам акционерлері осындай толықтырулар туралы Жалпы жиналысты өткізу мерзіміне дейін он бес күн бұрын хабар алуы тиіс.

8.18 Ашық түрде өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысын ашу барысында директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту туралы ұсынысты алғаны туралы хабарлауы тиіс.

8.19 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

8.20 Күн тәртібіне, егер ол үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы және Қоғамның дауыс беруші акцияларының тоқсан бес пайызына ие көпшілік акционерлер (немесе олардың өкілдері) дауыс берсе, өзгертулер мен толықтырулар енгізуге болады. Акционерлердің жалпы жиналысымен сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және толықтырылмайды.

8.21 Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді талқылауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

8.22 Егер жиналыс қатысушыларын тіркеу соңында жалпы жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқылы және Қоғамның дауыс беретін акцияларының елу және одан артық пайызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша талқылауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

8.23 Қоғамда санақ комиссиясының функциялары акционерлердің жалпы жиналысы жүзеге асырады.

8.24 Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңға, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарға немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес анықталады.

8.25 Акционерлердің жалпы жиналысы кворум жиналған соң жарияланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген, хабарланған және уақытынан бұрын ашуға қарсы болмаған жағдайлардан өзге, акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан бұрын ашылмайды.

8.26 Акционерлердің жалпы жиналысы Жалпы жиналыс төрағасын және оның хатшысын сайлайды.

8.27 Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру түрлерін – ашық немесе құпиялы (бюллетень бойынша) анықтайды. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша шешім қабылдау барысында әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал қатысушылардың жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады.

8.28 Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында қамтылған мәліметтердің дұрыстығына және шынайылығына жауап береді.

8.29 Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс беру) немесе акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысы Заңға сәйкес өткізіледі.

8.30 Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру төмендегі жағдайлардан басқа кездері «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады:

8.30.1 Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың максималды саны шектелгенде;

8.30.2 Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс беру кезінде;

8.30.3 Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығына ие әрбір тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу процедуралық мәселелері бойынша бір дауыс ұсыну кезінде.

8.31 Дауыс беру қорытындылары бойынша Санақ комиссиясының функциясын жүзеге асырушы тұлға дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы құрастырады және оған қол қояды.

8.32 Акционерде дауыс беруге қойылған мәселе бойынша ерекше пікірі болса, Санақ комиссиясының функциясын жүзеге асырушы тұлға тиісті жазбаны хаттамаға енгізуге міндетті.

8.33 Дауыс беру қорытындылары дауыс берілген Акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

8.34 Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру қорытындылары акционерлерге оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылған соң он күн ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабар беріледі.

8.35 Акционерлерге дауыс беру қорытындылары туралы хабарлау тәртібі осы Жарғының 13.2 тармағында анықталады.

8.36 Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылған соң үш күн ішінде құрастырылуы және оған қол қойылуы тиіс.

8.37 Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және онда дауыс беру құқығын беретін сенімхаттармен, сонымен қатар хаттамаға қол қою және хаттамаға қол қою құқығынан бас тартқан жазбаша себептері бар түсініктемелермен бірге тігіледі. Аталмыш құжаттар Президентпен сақталуы және акционерге кез келген уақытта танысу үшін ұсынылуы тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

9-тарау. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

9.1 Директорлар Кеңесі – осы Жарғымен және Заңмен жатқызылған акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне қатысты мәселелердің шешімдерінен басқа, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасайтын Қоғам органы.

9.2 Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

9.2.1 қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;

9.2.2 акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

9.2.3 қоғамның акцияларды орнықтыруы (сатылуы) туралы және жарияланған акциялардың саны шегінде оларды орнықтыру (сатылу) бағасы туралы шешімдер қабылдау;

9.2.4 қоғамның орнықтырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;

9.2.5 қоғамның жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;

9.2.6 жәй акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, есеп қаржы жылы төленетіннен басқа бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшерін анықтау;

9.2.7 қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарының шығарылым талаптарын анықтау;

9.2.8 қоғамның ұйымдастыру құрылымын анықтау;

9.2.9 қоғамның Президентін сайлау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, сонымен қатар оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9.2.10 қоғам Президентінің лауазымдық жалақысының, еңбек талаптары мен сыйақы мөлшерін анықтау;

9.2.11 ішкі аудит қызметін құру туралы шешімді қабылдау;

9.2.12 ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақы және сыйақы мөлшері мен талаптарын анықтау;

9.2.13 қоғамның басқа органдарын құру туралы шешімді қабылдау;

9.2.14 бағалаушы мен аудиторлық ұйым қызметтерінің төлем мөлшерін анықтау;

9.2.15 қоғамның ішкі қызметтерін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметтерін ұйымдастыру мақсатында Президентпен қабылданатын құжаттардан басқа);

9.2.16 қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;

9.2.17 қоғамның басқа ұйымдардың құрылуына және қызметтеріне қатысуы туралы шешім қабылдау;

9.2.18 қоғамның жеке меншік капиталының мөлшерінің он және одан да көп пайызына дейін міндеттемелерін ұлғайту;

9.2.19 бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда Қоғам тіркеушісін сайлау;

9.2.20 Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпия ақпаратты белгілеу;

9.2.21 Қоғамның ірі мәміле жасауы және Қоғам жасауға мүдделі мәмілені жасауы туралы шешім қабылдау;

9.2.22 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген, акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылмаған, Заңмен және осы Жарғымен қарастырылған басқа да мәселелер.

9.3 Осы Жарғының 9.2 тармағында қарастырылған мәселелер Қоғам Президентінің шешуі үшін берілмейді.

9.4 Директорлар Кеңесі Қоғам Жарғысына сәйкес Президенттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқықсыз.

9.5 Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде жеке тұлға бола алады.

9.6 Директорлар кеңесінің мүшелері сайланады:

9.6.1 акционерлердің – жеке тұлғалардың;

9.6.2 директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін ұсынушы ретінде сайлануға ұсынылған тұлғалардың;

9.6.3 басқа тұлғалардың (осы Жарғының 9.9 тармағында қарастырылған шектеулерді ескергенде).

9.7 Директорлар кеңесінің мүшесіне Қоғамның акционері емес және директорлар кеңесіне акционер мүддесін ұсынушы ретінде ұсынылмаған жеке тұлға сайлана алады. Мұндай тұлғалардың саны директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан артық болмау керек.

9.8 Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер оған тиесілі акциялар шегінде Директорлар кеңесінің мүшесіне сайланатын бір кандидатқа немесе бірнеше кандидаттар арасына бөліп дауыс беруге құқылы. Директорлар кеңесіне сайланушы ретінде дауыстардың көпшілігіне ие болған кандидат саналады. Егер екі және бірнеше кандидат тең дауыстарға ие болса, осы кандидаттар қатысында қосымша дауыс беріледі.

9.9 Президент Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

9.10 Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан артық болмау керек. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бір саны тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

9.11 Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз бірнеше рет сайлана алады.

9.12 Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді.

9.13 Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі жаңа директорлар кеңесі сайланатын акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезеңінде аяқталады.

9.14 Акционерлердің Жалпы жиналысы директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

9.15 Директорлар Кеңесінің мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда директорлар Кеңесінің жаңа мүшесі акционерлердің Жалпы жиналысында ұсынылған дауыс беретін акциялардың жалпы санының кумулятивті дауыс берумен сайланады. Мұнда директорлар Кеңесінің аталған мүшелерінің өкілеттіктері жалпы директорлар Кеңесінің өкілеттіктер мерзімімен бірге тоқтайды.

9.16 Директорлар Кеңесінің мүшесінің өкілеттіктерін оның талабы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері аталмыш хабарламаны директорлар кеңесімен алған күннен бастап тоқтайды.

9.17 Қоғамның директорлар Кеңесінің Төрағасы Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының ашық дауыс беруі арқылы көпшілік дауыспен мүшелерінің арасынан сайланады.

9.18 Төраға Қоғамның директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның директорлар Кеңесінің отырыстарын шақырады, осы жарғымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

9.19 Отырыс күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың қосымшалары бар директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу мерзіміне үш күн бұрын жіберілуі тиіс.

9.20 Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама отырыстың өтетін күні, уақыты, жері туралы мәліметтерді, сондай-ақ күн тәртібін қамтуы керек.

9.21 Директорлар Кеңесінің мүшесі Президентке директорлар Кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы алдын-ала хабарлауға міндетті.

9.22 Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум директорлар Кеңесі мүшелерінің кем дегенде жартысын құрауы керек.

9.23 Егер кворум директорлар Кеңесі мүшелерінің осы Жарғымен және Заңмен белгіленген жеткілікті санын құрамайтын болса, Қоғам директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар Кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

9.24 Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда директорлар Кеңесі Төрағасының немесе осы отырыста төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

9.25 Директорлар кеңесі отырысының қарауына ұсынылатын мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы.

9.26 Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы директорлар кеңесіне шығарылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы. Сырттай дауыс беру шешімдері алынған бюллетенде белгіленген мерзімде кворумның болуында құқылы болып саналады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделуі және оған директорлар кеңесінің хатшысымен және төрағасымен қол қойылуы тиіс. Шешімді рәсімдеген күннен бастап жиырма күн ішінде ол осы шешім негізі болып табылатын бюллетень қосымшаларымен директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

9.27 Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері Қоғам мұрағатында сақталады.

10-тарау. ПРЕЗИДЕНТ

10.1 Ағымдық қызметті басқару дара атқарушы орган - Президентпен жүзеге асырылады.

10.2 Президент Қазақстан Республикасының заң актілерімен және Қоғам Жарғысымен басқа органдар мен Қоғамның лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

10.3 Қоғам Президенті Акционерлердің Жалпы жиналысының және Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдерін орындайды.

10.4 Қоғам оның Президентімен Қоғаммен бекітілген шектеулерді бұзған мәмілелердің жарамдылығын, егер мәмілені жасау барысында осындай шектеулер туралы тараптардың білгендігін дәлелдей алған жағдайда даулауға құқылы.

10.5 Президент ретінде акционерлер және оның акционері емес Қоғам жұмысшылары сайлана алады. Президент директорлар кеңесінің келісімі бойынша басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

10.6 Президенттің функциялары, құқықтары және міндеттері осы Жарғымен, Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен, сонымен қатар аталмыш тұлға және Қоғам арасында жасалатын жеке еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан Президент арасында жасалған жеке еңбек шартына директорлар кеңесінің төрағасымен немесе осы үшін құқылы тұлғамен немесе директорлар кеңесімен қол қойылады.

10.7 Президент:

10.7.1 акционерлердің Жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

10.7.2 үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

10.7.3 үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамды танытуға құқық беретін сенімхаттар береді;

10.7.4 Қоғамның ішкі аудит қызметіне кіретін жұмыскерлерінен басқа, қоғам жұмыскерлерін қабылдайды, орнықтырады, шығарады, оларға ынталандыру шараларын қолданады, тәртібі үшін жазалайды, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық жалақыларының және жеке қосымша ақыларының мөлшерлерін штат кестесіне сәйкес анықтайды, Қоғам жұмыскерлеріне берілетін сыйақы мөлшерін анықтайды;

10.7.5 акционерлердің Жалпы жиналысының және директорлар Кеңесінің шешімдерімен анықталатын басқа да қызметтерді атқарады.

11-тарау. ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

11.1 Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

11.2 Ішкі аудит қызметінің құрылу және қызмет тәртібі, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақы және сыйақы мөлшері мен талаптары Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімімен анықталады.

11.3 Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері директорлар Кеңесінің құрамына және Қоғамның Президенті ретінде сайлана алмайды.

11.4 Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның директорлар Кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

12-тарау. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕМЕСІ ЖӘНЕ АУДИТІ

12.1 Қоғамның қаржы есептемесі қоғамның бухгалтерлік балансын, кіріс және шығыс туралы есептерді, ақша қозғалысы туралы есепті және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі туралы заңнамасына сәйкес басқа есептемені қамтиды.

12.2 Қоғамның бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржы есебін құрастыру тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржы есебі жөніндегі заңнамасымен, бухгалтерлік есеп стандарттарымен анықталады.

12.3 Президент жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жылдық жылдық қаржы есептемесін талқылау және бекіту үшін ұсынады. Қаржы есептемесімен қатар, атқарушы Президент жалпы жиналысқа аудиторлық есепті ұсынады.

12.4 Жылдық қаржы есептеме Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі туралы заңнамасына сәйкес құрастырылады.

12.5 Жылдық қаржы есептемесі директорлар кеңесімен жылдық акционерлердің жалпы жиналысын өткізу мерзіміне отыз күн бұрын алдын ала бекітуге жатады. Қоғамның жылдық қаржы есептемесін соңғы рет бекіту жылдық акционерлердің жалпы жиналысында жүргізіледі.

12.6 Қоғам жыл сайын бұзаралық ақпарат құралдарында жылдық бухгалтерлік балансты, капиталда барлық өзгерістері көрсетілген есепті, ақша қорларының қозғалысы туралы есепті және кіріс пен шығыс туралы есепті уәкілетті органмен бекітілген мерзімде жариялауға міндетті. Қоғам басқа қаржы есептемесін қосымша жариялауға құқылы.

12.7 Қоғам жылдық қаржы есептемесінің аудитін жүргізуге міндетті.

12.8 Қоғам аудиті директорлар кеңесінің, Президенттің бастамасы бойынша қоғам есебінен немесе ірі акционердің талабы бойынша осы ірі акционер есебінен жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда ірі акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Қоғамның ірі акционерінің талабы бойынша аудитті жүргізу барысында аудиторлық ұйыммен сұралатын барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) қоғам ұсынуға міндетті.

12.9 Егер Қоғам Президенті қоғам аудитін жүргізуден бас тартса, аудит сот шешімімен немесе мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша белгіленуі мүмкін.

13-тарау. АҚПАРАТТЫ АШУ. ҚОҒАМ ҚҰЖАТТАРЫ.

13.1 Қоғам өз акционерлеріне Қоғам мүддесіне қатысты Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беріп отыруға міндетті. Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты ақпараттар:

13.1.1 акционерлердің жалпы жиналысымен және директорлар кеңесімен қабылданған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

13.1.2 Қоғаммен ақциялар және басқа бағалы қағаздар шығарылымы және уәкілетті органмен бағалы қағаздарды орнықтыру қорытындылары туралы есепті бекіту, уәкілетті органмен бағалы қағаздарды жою;

13.1.3 Қоғам мүдделі ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасау;

13.1.4 Қоғаммен меншік капиталының жиырма бес және одан артық пайыз көлемінде заем алу;

13.1.5 Қоғаммен қандай бір қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін немесе қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға қатысты бұрын алынған лицензияның мерзімі аяқталған жағдайда лицензиялар алу;

13.1.6 Қоғамның заңды тұлғаның құрылуына қатысуы;

13.1.7 Қоғам мүлігіне арест салу;

13.1.8 баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы көлемінің он және одан артық пайызына ие мүлік жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;

13.1.9 Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшіліктік жазаға тарту;

13.1.10 Қоғамды мәжбүрлі туралы шешім қабылдау .

13.2 Акционерлерге акционерлердің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпарат ұсыну Қоғамның әрбір акционеріне 13.1.1-13.1.10 тармақшаларында тізілген жағдайлар туындаған мерзімнен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлама жіберу және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы жүзеге асырылады. Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты ақпаратты ұсыну әдісін таңдау директорлар кеңесімен анықталады.

13.3 Қоғам қызметіне қатысты құжаттар Қоғамның орналасқан жері бойынша оның қызмет ету мерзімінде сақталады.

- 13.4 Келесі құжаттар сақтауға жатады:
- 13.4.1 Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
 - 13.4.2 құрылтай жиналыстарының хаттамалары;
 - 13.4.3 құрылтай шарты, құрылтай шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
 - 13.4.4 Қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) туралы куәлігі;
 - 13.4.5 статистикалық карточка;
 - 13.4.6 белгілі қызмет түрлерімен айналысу және белгілі әрекеттерді жүзеге асыру лицензиялары;
 - 13.4.7 Қоғамның балансындағы оның мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
 - 13.4.8 бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі;
 - 13.4.9 бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік тіркелуін, бағалы қағаздардың жойылуын растайтын құжаттар, сонымен қатар уәкілетті органға ұсынылған Қоғамның бағалы қағаздарын орнықтыру және өтеу қорытындылары туралы есепті бекіту;
 - 13.4.10 филиалдар және өкілдіктер туралы ереже;
 - 13.4.11 акционерлердің жалпы жиналысының хаттамалары, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты материалдар;
 - 13.4.12 акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынылатын акционерлердің тізімі;
 - 13.4.13 Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары (сырттай дауыс беру шешімдері, директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі материалдар);
 - 13.4.14 Президент шешімдері.
 - 13.4.15 Өзге де құжаттар, соның ішінде Қоғамның қаржы есептемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген мерзім бойына сақталады
 - 13.4.16 Қоғам аффинаждалған тұлғаларымен немесе қоғам тіркеушісімен (уәкілетті органмен бекітілген тәртіпте ірі акционер болып табылатын тұлғалар қатысында) ұсынылатын мәліметтер негізінде осы тұлғаларды есепке алуға міндетті.
 - 13.4.17 Қоғамның аффинаждалған тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар қоғамға аффинаждалу мерзімі туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффинаждалған тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.
 - 13.4.18 Қоғам өзінің аффинаждалған тұлғаларының тізімдерін уәкілетті органға олармен бекітілген тәртіпте ұсынуға міндетті.

14-тарау. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

- 14.1 Қоғамды қайта құру (қосылуы, бірігуі, бөлінуі, қайта құрылуы) акционерлердің жалпы жиналысының шешімі немесе заңнама актілерімен қаралған жағдайларда сот шешімімен жүргізіледі.
- 14.2 Бөліну немесе бөлек шығу арқылы қайта құру барысында Қоғамның кредиторлары қарызкор ретінде осы Қоғам болып табылатын міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуын және шығындардың өтелуін талап етуге құқылы.
- 14.3 Егер қайта құру жағдайында қоғам өзінің қызметін тоқтататын болса, оның акцияларының шығарылымы Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте жойылады.
- 14.4. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысымен анықталады. Акционерлердің жалпы жиналысы кредиторлардың келісімі бойынша және олардың бақылауымен Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес тарату процедурасын анықтайды.
- 14.5 Қоғамды мәжбүрлі тарату Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен қарастырылған жағдайларда сотпен жүзеге асырылады. Егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен қарастырылмаса, Қоғамды тарату туралы талап мүдделі тұлғалармен сотқа жіберілуі мүмкін.
- 14.6 Қоғамды тарату туралы сот немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша тарату комиссиясы тағайындалады. Тарату комиссиясы Қоғамды тарату барысында оның істерін басқару өкілеттігіне және тізімі Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен анықталатын басқа әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы болады.
- 14.7 Ерікті түрде тарату барысында тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторлары, ірі акционерлердің өкілдері, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар қосылуы мүмкін.
- 14.8 Қоғамды тарату процедурасы және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

15-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 15.1 Егер осы Жарғының ережелерінің біреуі заңды күшін жоғалтса, оның басқа ережелерге қатысы болмайды. Күші жоқ ереже заңмен жол берілетін және сәйкес жағдайды реттейтін ережемен ауыстырылады.
- 15.2 Осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына бағынады.

Акционерлер атынан және Акционерлердің кезексіз жиналысының тапсырмасы бойынша:

Президент

Шалабаев Адиль Еркинович